

«Еңбек адамын ардақтайық» республикалық интернет-байқауын қашықтықтан ұйымдастыру және өткізу ережелері

1. Жалпы ережелер

1. Мектепке дейінгі, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, қосымша білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында Еңбек күніне арналған «Еңбек адамын ардақтайық» республикалық интернет-байқауын (бұдан әрі - Байқау) қашықтықтан өткізудің мақсатын, міндеттерін және тәртібін анықтайды.

2. Байқаудың мақсаты: білім алушыларда еңбекшінің жағымды бейнесіне еліктеуді, Қазақстан Республикасында тұратын халықтардың дәстүрлі құндылықтарын сақтап, дамыту үшін позитивті көзқарасты қалыптастыру.

Міндеттері:

- жас ұрпақта туған елінің, қаласының, ауылының тарихындағы үздік өкілдеріне қызығушылығын дамыту;

- республика білім алушыларының отаншылдық сезімін, аға буындарға, еңбек адамдарға деген құрметін тәрбиелеу;

- қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайдағы өзінің болашақ мамандығында іске асыратын шығармашылық, белсенді, тез бейімдеуші тұлғаны қалыптастыру;

- оқушылардың болашақта кәсіби өзін өзі анықтауына жағдай жасау;

- оқушылардың шығармашылық ынталарын дамыту.

3. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

4. Байқауды ұйымдастырушылар әділ қазылар алқасы мен ұйымдастыру комитетінің құрамын қалыптастырады.

2. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі

5. Байқау **2015 жылғы 7 қыркүйек - 7 желтоқсан** аралығында балаларға арналған www.ziyatker.org ғылыми-танымдық сайтында қашықтықтан өткізіледі.

6. Байқау жұмыстары **2015 жылғы 3 желтоқсанға** дейін rumcdo.muz@mail.ru электронды поштаға. Анықтама телефоны: 8(7172)249305 («Еңбек адамын ардақтайық»).

7. **2015 жылғы 3 желтоқсаннан** кейін түскен, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды.

8. Байқауға түскен материалдар қайтарылмайды. Байқаудың ұйымдастырушылары авторды көрсете отырып, жұмысты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға құқылы.

9. Байқауға қатысу үшін - **1000 (бір мың)** теңге төлемақы төленеді.

Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі:

БанкЦентрКредит АҚ, Астана қаласы.

Иик KZ918560000005068448

БИК КСJBKZKX

БИН 990140004733

Кбе 16.

Код назначения платежа: 859.

Алушы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК.

Төлемақының мақсаты: **«Еңбек адамын ардақтайық»** байқауы. Байқауға қатысушының (жіберуші) фамилиясын міндетті түрде көрсету және төлемақы құжатын (түбіртек немесе төлем тапсырмасын) сканерден өткізіп, **rumcdо.muz@mail.ru** электронды пошта арқылы жіберу қажет.

10. Байқаудың қорытындысы және жеңімпаздар тізімі **2015 жылғы 7 желтоқсанда** www.ziyatker.org сайтында орналастырылады.

3. Байқау талаптары

11. Мектепке дейінгі, жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының 5-17 жас аралығындағы білім алушылар келесі жас санаттары бойынша қатыса алады:

5-9 жастағы кіші жас санаты;

10-14 жастағы орта жас санаты;

15-17 жастағы жоғарғы жас санаты.

12. Байқау келесі номинациялар бойынша өткізіледі.

1. «Ең үздік сурет» (суреттер байқауы).

Байқауға 5-9 жастағы білім алушылардың **«Мен өскенде, кім боламын...»** тақырыбына салынған суреттері қабылданады.

Ресімдеуге қойылатын талаптар.

Байқауға фломастер, гуашь, борлар, балауыз борлар, пастель, қарындаш, т.б. материалдарды аралас пайдалану және үйлестірілген материалдар қолданылған, кез-келген техникада орындалған суреттердің **фотолары** қабылданады.

Автордың аты-жөні, жасы, білім беру ұйымы, e-mail, облыс, аудан (қала), ауыл көрсетілуі тиіс.

Бағалау критерийлері:

- жұмыстың байқау тақырыбына сәйкестігі;

- қатысушының жас санатына сәйкестігі;

- орындау шеберлігі;

- тақырыптың ашылуы;

- түстік шешімі, колорит;

- сонылығы;

- көркемділігі.

2. «Ең үздік эссе» номинациясы (эссе байқауы).

Байқауға 10-14 жас аралығындағы білім алушылардың «Еңбек етсең ерінбей...» тақырыбына жазылған эсселері қабылданады.

Ресімдеуге қойылатын талаптар:

Жұмыс Microsoft Office Word мәтіндік редакторында басылуы тиіс. Шрифт – Times New Roman. Шрифт өлшемі – 14. Жоларалық интервал – біркелкі (одинарный). Жұмыс көлемі - А4 форматында 0,5 - 1 беттен аспауы тиіс. Титул парағын келесі ақпаратты қамтуы қажет: эссенің аталуы, қатысушының аты-жөні, жас мөлшері, e-mail, жетекшінің толық аты-жөні, білім беру ұйымының толық аталуы, облыс, қала, аудан, ауыл.

Бағалау критерийлері:

- берілген тақырыпқа мәтіннің сәйкестігі;
- шығарма идеясы, мәтін бүтіндігі;
- шығармашылық құралдарының қолданылуы;
- шығармашылық жұмыстың мазмұны мен өзектілігі;
- жұмыстың өз бетімен орындалуы (жұмыста тек автордың жеке ойлары көрсетілуі тиіс!).

3. «Мамандық таңдау тарихы» номинациясы (әңгімелер байқауы).

Байқауға 15-17 жас аралығындағы білім алушылардың «Менің таңдауым» тақырыбындағы әңгіме қабылданады.

Ресімдеуге қойылатын талаптар.

Жұмыс Microsoft Office Word мәтіндік редакторында басылуы тиіс. Шрифт – Times New Roman. Шрифт өлшемі – 14. Жоларалық интервал – біркелкі (одинарный). Жұмыс көлемі - А4 форматында 2-3 беттен аспауы тиіс (титул парағын есепке алмағанда). Титул парағы келесі ақпаратты қамтуы қажет: әңгіменің аталуы, қатысушының аты-жөні, жас мөлшері, e-mail, жетекшінің толық аты-жөні, білім беру ұйымының толық аталуы, облыс, қала, аудан, ауыл.

13. Бағалау критерийлері:

- берілген тақырыпқа мәтіннің сәйкестігі;
- әңгіменің идеясы, мәтін бүтіндігі;
- шығармашылық құралдарының қолданылуы;
- шығармашылық жұмыстың мазмұны мен өзектілігі;

14. Бөтен адамның және Интернет желісінен алынған материалдарды қолдануға қатаң тыйым салынады. Байқауға ұсынылған жұмыстарда қатыгездік және зорлық-зомбылық көріністері, адамның немесе бір топ адамдардың қадір-қасиетін кез келген түрде кемсітетін ақпарат болмауы тиіс.

4. Байқауды қорытындылау және жеңімпаздарды марапаттау

15. Байқаудың қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды.

16. Байқау жеңімпаздары I, II, III дәрежелердегі дипломдармен және жеңімпаздардың жетекшілері алғыс хаттармен марапатталады. Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, жетекшілеріне алғыс хаттардың және қатысушыларға сертификаттардың электронды нұсқалары www.ziyatker.org сайтында орналастырылады.